

**2-4 сыныптардағы оқу жетістігі төмен білім алушыларды анықтау,
жұмыс жоспарын құру нәтижесі /қараша/**

Мерзімі: қараша айы

Мақсаты:

- Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыс жоспарының құрылуын анықтау.

Қаралатын орны: ДЖО

**I. Бастауыш сыныптар бойынша үлгерімі төмен білім алушылар бойынша
жалпы мәлімет**

2023-2024 оқу жылында №8 орта мектеп бойынша бастауыш сыныптарда барлығы үлгерімі төмен 52 оқушы бар.

кл	2 сынып	сапа	3 сынып	сапа	4 сынып	сапа
А	1. Оралбаев Жандарбек 2. Кубашева Айлина	26/ 8%	1. Серік С. 2. Жуманов А. 3. Жақас Д. 4. Иманкулова С.	27/ 15%	1. Махсетбаев Еркебұлан 2. Тулегенов Адилбек 3. Ойылбай Акнұр	28/ 11%
Ә	1. Шамшетов Нұржігіт 2. Жұматов Рамазан	27/ 7,4%	1. Балтабай А. 2. Қыркөре С	23/ 9%	1. Ғазизов Мейрамбек 2. Самрат Алдияр	27/ 7,4%
Б	1. Асан Жігер 2. Алдасүгіров Ернұр	23/ 7%	1. Амандық Амир 2. Сансызбай Айдар	24/ 8,3%	1. Ағалбаева А 2. Файзуллина Ж	27/ 7,4%
В	1. Нағашбай Дінмұхаммед 2. Өсербай Мейрамбек	28/ 7%	1. Ізбаева Балжан 2. Жолдыбай Нұрислам 3. Бахтиярова Көркем	22/ 14%	1. Аманкелді К 2. Омаров Нұртас	27/ 7,4%
Г	1. Сағын Фатима 2. Аймұхамбетов Аңсар	28/ 7%	1. Жанабаева Аяулым 2. Уразбаева Айшаби 3. Кәжіғали Аманат 4. Муратов Нұрсұлтан	23/ 17,3%	1. Орынбаев Қанат 2. Қонысбай Іңкар	26/ 8%
Д	1. Әлімбай Еркенұр 2. Даренбаева Аяна	28/ 7%	1. Серкебаев Р 2. Мекенов Т 3. Қуандық К 4. Амантай А 5. Сәдібеков Н	23/ 22%	1. Өсербай Миіржан 2. Биғазиз Азиз 3. Мырзағұлов Рамазан	25/ 12%
Е			1. Нұртай Ислам 2. Айтпик Алибек 3. Жубатова Айзере	25/ 12%		
Ж			1. Төлеухан Кенжебек 2. Ізберген Найзабек 3. Ұзақберген Ибраһим	22/ 14%		
	12		26		14	

II. Негізгі базалық білімдегі олқылықтардың себептері

1 оқу тоқсанының 2-оқу аптасында білім алушылар біліміндегі олқылықтарды анықтау мақсатында 2-4 сынып оқушыларының оқу, жазу сауаттылығы бойынша қазақ тілінен диктант, математика пәнінен бақылау жұмыстары мен оқу техникасы бойынша нөлдік бақылаулар алынды.

Нәтижесін талданып, сараланды. Нөлдік бақылау кезінде төмен көрсеткен оқушылардың оқу жетістіктерінің қанағаттанарлықсыз болу себептерін саралай келе кейбір білім алушылардың нәтижесінің ұзақ мерзімді демалыстан кейін оқу процесіне қайта бейімделуінен себепті болса, кейбір білім алушылардың оқуы үшін қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі (метапәндік дағдылар) немесе білімді толық меңгеруге кедергі келтіретін жеке

психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерінің болуы (гипербелсенділік, қысқа мерзімді жадыға қатысты проблемалар мен ата-ана тарапынан қолдау мен қадағалаудың болмауы және т.б.)

III. Оқу жетістіктері төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау

2023-2024 оқу жылының басында бастауыш сыныптардағы қазақ тілі, математика пәндері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша бірнеше кезеңдерден тұратын жұмыс жоспары жасалған. Жұмыс мазмұны: Диагностикалық жұмыс (I тоқсанның I аптасында), Жоспарлау жұмысы (I тоқсанның II аптасында), Жүзеге асыру және талдау жұмысы (оқу жылы бойы) кезеңдерінен тұрады.

Әр класс мұғалімі жоспарланған тақырыптар бойынша, қазақ тілі мен математика пәндерінен оқушылармен жеке жұмыс дәптерлерін жүргізеді. Оқушылардың дәптерлерінде қазақ тілі пәні бойынша: сөздерді дұрыс жазуға, пунктуациялық ережені сақтап жазуға, каллиграфияны сақтауға, грамматикалық тапсырмалар, дыбыстық талдау жасауға арналған тапсырмалар, математика пәні бойынша: амалдарды орындауға, көбейту мен бөлуге, мазмұнды есептер шығаруға, теңдеу түрлерін шешуге, геометриялық фигураларға қатысты тапсырмалар мен оқушылардың қызығушылығын арттыруға арналған логикалық тапсырмалар берілген.

Оқу машығын жетілдіру мақсатында қысқа мәтіндерді, өтілген мәтіндерді күнделікті минутка оқыту жоспарланған.

III. Қорытынды:

2,3,4 сынып мұғалімдерінің барлығы да үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарларын құрып жұмыстануда. Дегенмен төмендегідей кемшіліктер байқалды:

1. Кейбір пәндер бойынша оқу мақсатына жетуде оқушыларда кездесетін кедергілерді елемей;
2. Білімдегі олқылықтарды толтыруға бағытталған бөлек тапсырмалардың ҚМЖ-да болмауы.
3. Оқу және тәжірибелік материалдардың біртіндеп күрделенетін спираальдық тәсілі мен тақырыптар арасындағы сабақтастықтың болмауы;
4. Білім сапасының төмендеу себептерін елемей (сабақтардан қалу, отбасындағы қолайсыз жағдайлар, әлсіз денсаулық, тілдік кедергілер, сынып ұжымына бейімделудегі кедергілер және т.б.)
5. Мұғалімдердің білімді игертудің тиімді әдістерін білмеуі, кейбір сыныптардағы пән мұғалімдерінің оқушыларда ептілік пен дағдыларды қалыптастырудың тәсілдерін меңгермеуі.

IV. Ұсыныстар:

- 2023-2024 оқу жылында оқушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылындағы бағдарламалық мақсаттардың меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жоспары бойынша жұмыстарды жүйелеу;
- Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін қысқа мерзімді сабақ жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу.
- Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін қосымша жүргізілетін жұмыстарды жүйелі жүргізу.
 - жаңа сабақтан бұрын кеңес беру;
 - сабақ кестесіне сыймаған жағдайда қосымша кеңес беру;
 - II, III, IV тоқсандық каникул күндеріндегі кеңестер;
 - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер беру.
- Тоқсандық бақылау жұмыстары мен тоқсандық білім сапасын салыстырмалы түрде диагностикалау.

Анықтама беруші



Убайтжанова А.А.

**2023-2024 оқу жылындағы 5-9 сыныптарындағы ағылшын тілі пәнінің
стандартқа сәйкес берілуін бақылаудың қорытындысының**

А Н Ы Қ Т А М А С Ы

Тексеру мақсаты: - ағылшын тілінің берілуін бақылау;
- ағылшын тілінің стандарттық норманың орындалуын бақылау;

Тексеру әрекеті: сабақтарға кіру; оқушылардың жұмыс дәптерін тексеру, журналдың жүргізілуі;

Қаралатын орны: Әкімшілік кеңес отырысы

Мерзімі : қараша 2023 жыл

I. Ағылшын тілі мұғалімдері туралы мәлімет:

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында 14 педагог қызметкер сабақ береді. Оның ішінде 5-9 сыныптарға 11 мұғалім сабақ береді.

№	Педагогтің аты-жөні	Білімі	Санаты
1	Серікова Айдана Бағданбекқызы	Қ.Жұбанов ат Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 2017ж	педпгог сарапшы №369 11.09.2023
2	Тұрсынбекова Нұрсұлу Нарынбекқызы	Қ.Жұбанов ат. АӨМУ, 2015ж	педагог-модератор №598 19.08.2019
3	Куздыбаева Назгуль Аманжоловна	Қ.Жұбанов ат. АМУ. 2001ж	педагог-сарапшы
4	Жарасбекқызы Дина	С.Бәйішев атындағы АУ 2008ж	Санаты жоқ
5	Жаушыбаева Айгүл Жанкелдіқызы	Қ.Жұбанов ат. АМУ, 2006ж	Санаты жоқ
6	Акилбекова Салтанат	С.Байшев ат университеті 2006	Санаты жоқ
7	Курманғалиева Багдагуль Шынжановна	Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2010	педагог-модератор №273 27.12.2018
8	Мыңжасарқызы Назгуль	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институт, 2009	педагог -сарапшы 03.07.2021ж № 202
9	Зайрымбетова Нұрбақыт Есалықызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Университеті 2005 ж	педагог-сарапшы №369 11.09.2023 №594 07.08.2018

10	Сапарғалиева Арайлым Жайлаубаевна	Ақтөбе гуманитарлық колледж.2008 Ақтөбе Дүние Университеті,2011	педагог-зерттеуші №161.28.08.2020
11	Баканова Асель Сансызбаевна	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты 2013ж	Санаты жоқ

II Пәннің берілуі:

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы негізінде негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарға арналған «Ағылшын тілі» оқу пәні үлгілік оқу бағдарламасы негізінде пән мұғалімдері ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын әзірлеген. Пән мұғалімдері жыл басында сабақ беретін кластарынан дарынды оқушылармен, үлгерімі төмен оқушылармен жүргізетін жұмыс жоспарлары, стандарттық нормаға сай күнтізбелік тақырыптық жоспарлары жасақталып, бекітілген. «Bilimclass» электрондық журналдары уақытылы толтырылып, күнтізбелік тақырыптық жоспарға сай жүргізілген. Оқушылардың БЖБ, ТЖБ жұмыстары кестеге сай алынып, бағалары уақытылы қойылып отырған. Күнтізбелік тақырыптық жоспар бойынша №130 бұйрық негізінде күнделікті қысқа мерзімді жоспар құрылып, уақытылы бекітіріп отырған. 5-9 кластарда ағылшын тілі сабағының берілу деңгейін бақылау мақсатында сабақтарға кірдім.

5 Ә класы. Пән мұғалімі Зайрымбетова Н.Е Сабақтың мақсаты айтылды. Сабақтың түрі жаңа сабақ. Ішінара іздену арқылы берілген суреттер бойынша сабақтың тақырыбын анықтап, өздері білген ақпаратпен байланыстыра отырып, жұппен, ұжыммен жұмыс (белсенділіктерін арттыру үшін), ойын элементтері (қызығушылығын, ойлау, есте сақтауын дамыту үшін) жүргізілді. Оқушылардың барлығы қатысып отырды. Әр тапсырманың дискрипторы көрсетіліп, нақты бағаланды. Кері байланыс жасалды. "Айтылым" бөлімі бойынша білім алушылар таныс тақырып бойынша логикалық ұйымдастырылған оқиғалар негізінде мәтіннің негізгі идеясын жеткізеді, ресми және бейресми сөйлеу стильдерін қолданады, таныс тақырыптың фотосуреттері, тақырыптары, түйінді сөздері, үзінділері арқылы мәтіннің мазмұнын болжауда, нақты ақпаратты алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтар қойуда ойын еркін жеткізе алмады. Мұғалім көмегімен жаңа тақырыпты қорытындылады.

7 Ә класы. Пән мұғалімі Жаушыбаева А. Ж. Сабақтың мақсаты айтылды. Сабақтың түрі бекіту сабақ. Алдыңғы сабағында Грамматикалық ереже түсіндірілген, ішінара жаттығу жұмыстары жүргізілген. Бекіту сабағы болғандықтан ойын әдіс тәсілдерін пайдалану арқылы түрлі жұмыс түрлері жүргізілді. Оқушылардың барлығы қатысым танытпады. Оқушылар өз ойларын жеткізуде қиналады, оқушылармен «айтылым» дағдысын жетілдіру қажеттігі ескертілді. Сабақ барысында мұғалім жетелеуі басымырақ болды.

6 Ә класы. Пән мұғалімі Акильбекова С. Сабақтың мақсаты айтылмады. Сабақтың түрі саяхат сабақ. Түрлі ойындар, әдіс тәсілдер қолданылды. Жан жануарларға байланысты тапсырмаларда тыңдалым, жазылым, айтылым, оқылым дағдылары қатар жүріп отырды. Оқушылар көрген материалды тез игеріп, кері байланыс жасап отырды. Дегенмен

оқушылардың сабаққа қатысымы өте баяу, ойлануға уақыт көп жұмсайды. Бұл дегеніміз оқушыларға әлі де сөздік қорды молайту қажет дегенді білдіреді.

6 Г класы. Пән мұғалімі Сапарғалиева А. Сабақта айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдылары қамтылған. Оқушылармен сөздіктермен жұмыс, топтық, жеке, үлестірме қағаз арқылы, постер қорғау, тест тапсырмалары орындалды. Бейне материал көру арқылы сәйкестендіру жұмысы орындалды. Топтық жұмыс барысында оқушылар белсене араласпады. Оқушылар өз ойын еркін, ашық жеткізе алмады. Мұғалім тарапынан үнемі қолдау болды. Сабақ балдық жүйемен өзін-өзі бағалау арқылы жүргізілді.

Пән мұғалімдерінің сабақтарына кіру барысында сабақ кестесінен ауытқу болған жоқ. Қалыптастырушы бағалау уақытылы жүргізіліп отырды. Кірілген сабақтар бойынша талдау жасалып, пән мұғалімдеріне кері байланыс берілді.

III. Оқушылардың жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі:

5 Ә класс оқушыларының жұмыс дәптерлері тексерілді. Оқушы дәптерлері сырты толық толтырылған, сөздікпен жұмыс дәптерлері бөлек басталған. Уақытылы мұғалім тарапынан қалыптастырушы бағалау жүргізіліп отырған. Кейбір оқушы дәптерлерінде тақырыптық жұмыстар орындалмаған. 7 б класс оқушыларының дәптерлері тексеру барысында мұғалімнің уақытылы тексерілмегені, кері байланыс орнатпағаны анықталды. Дәптерлерінің сырты толық толтырылған. Сөздікпен жұмыс дәптері арналмаған. Оқушы дәптерлері лас, боялған, сызылған. Кейбір кластарда оқушы дәптерлері сырты толтырылмаған, үй жұмысы жүйелі орындалмаған.

IV Дарынды және үлгерімі төмен оқушымен жұмыс:

Жыл басында үлгерімі төмен, дарынды оқушылармен жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Жоспарға сәйкес үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс дәптер арнап, оқушыларға «жеңілден күрделіге» негіздемесімен тапсырмалар беріп отырған. Мәтін арқылы өз ойларын білдіру, сәйкестендіру, сөзжұмбақ құрастыру т.б тапсырмалар берілген. Құрманғалиева Б., Баканова Ә. пән мұғалімдеріне үлгерімі төмен оқушымен жұмысты қолға алу керектігі ескертілді. Дарынды оқушымен жұмыс жоспарына сай төмендегідей нәтиже көрсеткен.

№	Байқау, олимпиаданың атауы	Денгейі	Жетекшінің аты-жөні	Оқушының аты-жөні	Нәтижесі	Ұйымдастыру орны
1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңі	облыстық	Куздыбаева Н. А.	Балтуреев Бекболат	III дәрежелі диплом	«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы
2	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңі	облыстық	Куздыбаева Н. А.	Өілғазым Гаухар	III дәрежелі диплом	«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы
3	Республикалық лингвистикалық олимпиаданың қалалық кезеңі	қалалық	Мынжасаркызы Н.	Медеубек Динара	I дәрежелі диплом	«Әдістемелік кабинет» КММ
4	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңі	облыстық	Мынжасаркызы Н., Данешева Ж. Р.	Ахмет Алтынай	II дәрежелі диплом	«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңі	облыстық	Мынжасаркызы Н., Данешева Ж. Р.	Дусипова Ғазиза	Іздәрежелі диплом	«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік қосымша білім беру орталығы
--	----------	---------------------------------	-----------------	-------------------	---

5-9 кластарға ағылшын тілінің берілуін зерделей келе төмендегідей ұсыныс ұсынамын.

Ұсыныс:

- 1) Ағылшын тілі сабақтарын беруде жан-жақты іздену арқылы , оқушыларды сабаққа қызықтыра отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;
- 2) Мұғалімдер үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмыстану,
- 3) Оқушылардың сөздік қорын, «айтылым» дағдысын жетілдіру,
- 4) Оқушылардың жұмыс дәптерлерін жүйелеу;
- 5) Дарынды оқушымен жұмысты жандандыру

Анықтама беруші директордың ғылыми - әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары:



Н.М.Зайрымбетова

Құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбие беру жұмыстарының қорытындысы

ӘЖК, қаңтар

Тәрбие бағытының бірі – білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу. Мектепшілік құқықтық бағыттағы шаралар білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталады. Білім алушылардың сана-сезімі мен құқықтық мәдениетінің қалыптасу критерийлеріне мыналар жатады: негізгі заңдарды білу, түсіну және міндетті түрде орындау, құқықты, заңдылықты құрметтеу, алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше және функционалдық сауатты түрде пайдалана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық, құқыққа қарсы құбылыстардың, әрекеттердің кез келген түрін қабылдамау, академиялық адалдық.

Аталған бағыттарды жүзеге асыруда 2023-2024 оқу жылы мектепшілік жұмыс жоспары құрылып, соның негізінде шаралар, апталықтар, кездесулер, құқық қорғау органдарының мамандарымен бірлескен шараларға ден қойылып, жүргізіліп келеді.

Құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыс.

- **6 қазан** күні мектеп инспекторы А.Ж.Абдоллаева 5-11 сынып оқушыларына сабақтан жиі қлау, мектептің ішкі тәртібі, кешкі мезгілдегі қозғалыс бойынша;
- **12 қазан** күні 1-11 сынып оқушыларына жолда жүру, оның ережелерін қатаң сақтау бойынша;
- **13 қазан** күні ювеналдық топ өкілдерінің қатысуымен ата-аналар жиналысы;
- **1 желтоқсан** күні мектеп инспекторы А.Ж.Абдоллаева 5-11 сынып оқушыларына ішкі тәртіп, зиянды заттар, жасөспірімдер арасындағы қақтығыс, ауыр, аса ауыр қылмыстардың алдын алу бойынша;
- **13 желтоқсан** мектеп инспекторы А.Ж.Абдоллаева құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша;
- **25 қаңтар** күні «Жастарға кеңес жобасы» жастар ресурстық орталығының маманы Ержан Қанатұлы 10-11 сынып оқушыларына жалпы құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу бойынша түсіндірмелік-профилактикалық кездесулер ұйымдастырылды.

Мектептің психолог, әлеуметтік педагог, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп кітапханашысы бірлескен шаралар.

22-26 қаңтар аралығында «Сен және Заң» атты құқық апталығы ұйымдастырылып, апталыққа 2-11 сынып оқушылары тартылды.

22-24 қаңтар аралығында «Мобильді көзқарас» тақырыбында әлеуметтік педагог М.О.Бегалиева, аға тәлімгер А.Б.Шәріпова 2-5 сыныптың оқушыларына арнайы сабақтар өткізді;

23-24 қаңтар аралығы мектеп психологтары Г.Е.Диханбаева, Ж.Б.Қалабаева «Салауатты өмір сүру басты құқығың» тақырыбында 8-9 сыныптың қыз балаларымен тимбилдинг ұйымдастырды;

25 қаңтар күні 8«а», 9«а» сыныптың оқушыларға ҚІПБ-3 базасында орналасқан мұражайға экскурсияға ұйымдастырылып, арнайы құқық қорғау мамандары оқушыларға құқық қорғау ұйымдары мамандарының құрал-жабдықтарымен, атқаратын қызметтерімен, ерлікті істерімен, сондай ақ жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алудың жолдарымен, ауыр, аса ауыр қылмыстың түрлерімен, қазіргі таңда өмірдегі хал ахуалмен таныстырып, профилактикалық жұмыс жүргізді.

24 қаңтар күні «Қоғам қатыгез болып бара жатыр» тақырыбында 8-9 сыныптың оқушыларының қатысуымен мектепшілік «ДАТ» дебат клубының ойыны болып өтті.

Мектепшілік есеп.

2023-2024 оқу жылы бойынша мектепшілік есеп саны төмендегідей.

№	Мектепшілік есеп	Сәтсіз отбасылар (оқушы саны)	Өгей отбасында тәрбеленушілер	Лидер оқушылар
1	8	14	46	16

Бақылаудағы оқушылармен мектеп психологы, әлеуметтік педагог, мектеп кітапханашысы, үйірме жетекшілері, класс жетекшілердің бірлескен жоспарына сәйкес қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айлары бойынша жұмыстар өз деңгейінде атқарылды.

Мектеп психологы жеке, топтық кеңестер жүргізіп, әр балаға психологиялық-диагностикалық анықтама, әлеуметтік педагог жалпы оқушының отбасын, сабаққа қатысымын, сабаққа кешікпей, уақытылы келуін қадағалап, әлеуметтік педагог пен мектеп кітапханашысы және класс жетекшілер бірлесе отыра арнайы түзету-дамыту сабақтарын жүргізді. Класс жетекшілер өз тарапынан жалпы бақылаудағы оқушылардың үйірмеге қатысымын бақылап, өзара сабаққа кіріп, сабақ уақытындағы оқушылардың мінез-құлқын, дайындығын, тәртібін бақылады.

Әлеуметтік педагог М.О.Бегалиева «Достық аллеясы» 8 «а», 9 «а», 7 «б», 9 «ә» кластарына түзету-дамыту сабақтарын жүргізсе, мектеп кітапханашысы С.С.Жұмамұрат Т.Әбдіковтің «Оң ҚОЛ», О.Бөкейдің «Апамның астауы» атты шығармаларын 8 «а», 9 «а», 7 «б», 9 «ә» кластарының оқушыларымен оқып, өзара талдау жасады. Жалпы аталған сыныптағы оқушыларға, жалпы сыныпқа анықта жазылып, жұмыс қорытындыланды.

Сонымен қатар, **04-08 желтоқсан аралығында** «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» шарасы ұйымдастырылып, «Зорлық-зомбылықсыз әлем -біздің қолымызда атты сынып сағаттары, «Бақытты балалық шақ бала көзімен», «Әр баланың бақытты балалық шаққа құқығы бар» тақырыбында ата-аналарға түсіндірмелік жұмыстар жүргізілді.

«Инабат» қыздар клубының жоспарына сәйкес «Қыз намысы-ұлт намысы тақырыбында» қыздармен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-9 сыныптың қыз балаларымен Г.Е.Диханбаева, М.О.Бегалиева бірлесе отыра арнайы сабақтар өткізді.

Қорытынды

2023-24 оқу жылы бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша арнайы жоспар құрылып, жоспар негізінде жұмыстар жүргізілуде. Мектепшілік «Мұрагер», «Инабат» клубтары, сонымен қатар жаңадан келген, оқшау қалған, оралман, мектепшілік есептегі, өгей отбасындағы оқушылармен жұмыстар да атқарылып келеді.

Аталған бағыт бойынша шаралар, кездесулер, апталықтар, шебер сабақтар, арнайы түзету-дамыту сабақтары, ата-аналар кезекшілігі де ұйымдастырылып отыр.

Ұсыным:

- Мектепшілік бақылауды қажет ететін оқушылармен класс жетекші, мектеп психологтары мен мектептің әлеуметтік педагогтары, мектеп инспекторы тарапынан жұмыстар үздіксіз жалғасын тауып, жандандырылсын;
- Құқық қорғау орындарының мамандарымен бірлескен шаралар ұйымдастырылсын;
- «Суицидтің алдын алу», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық» бойынша жұмыстар, осы тақырып бойынша ата-аналарға түсіндірмелік жұмыстар жүйелі, үздіксіз жүргізілсін;
- Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түзету-дамыту жұмыстары бірлескен жоспарға сай өткізілсін.

Анықтама беруші:



А.Ф.Қонысбай

4 сыныптардағы математика пәнінің берілуін бақылаудың

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты:

- 4 сыныптардағы математика пәнінің жүргізілуін бақылау;
- Аталған сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын бақылау;
- Өткен оқу тоқсанындағы білім сапасы мен сын жұмысын салыстыру арқылы жіберілген қателіктерді анықтау;

Қаралатын орны: ӘЖК

Мерзімі: қаңтар айы

Бақылау әрекеттері:

- Математика сабақтарына қатысу;
- Жұмыс дәптерлерін тексеру;
- Өткен оқу тоқсанындағы білім сапасы мен сын жұмысын салыстыру.

1. 4 сыныптар туралы жалпы мәлімет

2023-2024 оқу жылында №8 орта мектеп бойынша 4 сыныптарда барлығы 183 оқушы, жалпы 6 сынып комплектісі білім алады.

4 сынып	оқушы саны	мұғалімі
А	27	Елусизова Б.
Ә	26	Ушкempiрова С.
Б	26	Сембиева А.
В	26	Тлегенова Г.
Г	25	Матжанова М.
Д	27	Арысова М.
барлығы	183	

2. Математика пәнінің берілуі бойынша мәлімет

Бастауыш сынып оқушылары математика курсын игере отырып, талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады.

«Математика» пәні білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін игеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар түзе білу машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді беру машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

2023-2024 оқу жылының қаңтар айында математика пәнінің берілуін бақылау мақсатында 4 сыныптардағы сабақтарға қатысып, мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарлары тексерілді. 4 сынып пән мұғалімдері қысқа мерзімді жоспары бойынша жоспарлайды.

4А сыныбындағы «Қорытындылау. Ерекше өсімдіктер» тақырыбындағы сабағы «қанағаттанарлықсыз» деңгейде өтті. «Таңдап алу» тәсілімен комбинаторлық есептер, кеңістік ойлауға логикалық есептер шығаруға үйрету мақсаты ашылған жоқ. Сабақ мақсатына жететін әдіс-тәсілдер, бақылау формалары, жұмыс формалары, бағалау түрлері,

кері байланыс болған жоқ. Мұғалімге әдістемелік көмек қажет. Мұғалімі- Елусизова Б.

4Ә сыныбындағы «Қорытындылау. Ерекше өсімдіктер» тақырыбындағы сабағы «жақсы» деңгейде өтті. «Таңдап алу» тәсілімен комбинаторлық есептер, кеңістік ойлауға логикалық есептер шығаруға үйрету мақсаты ашылды. Сабақ мақсатына жететін әдіс-тәсілдер, бақылау формалары, жұмыс формалары, бағалау түрлері, кері байланыс тиімді өтті. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік берілді. Сабақ бойынша күтілетін нәтиже тиімді жоспарланған. Оқу тапсырмалары бойынша дискрипторлар болды. Мұғалімі- Ушкемпирова С.

4 Б сыныбындағы «Пайыздар. Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелері» тақырыбындағы сабағына қатысым жасалды. Жаңа тақырып бойынша жаңа ұғыммен жұмыс жасалды. Репродуктивтік білімдері көлемінде жұмыстанды. Мұғалім тәжірибесімен сабақты «жақсы» деңгейде алып шықты. Оқушыларда қалыптасуға тиісті білім, білік, дағдылар қалыптасқан. Дарынды, қабілеті төмен оқушылармен жеке жұмыстану керектігін ескеру керек. Мұғалімі - Сембиева А.

4 В сыныбындағы «Қорытындылау. Адам және табиғат» тақырыбындағы сабағы «қанағаттанарлық» деңгейде өтті. Қозғалысқа байланысты есептер шығаруда өлшем бірліктерге назар аудару, есептің шарты, сұрағы, шешуі, жауабы алгоритмін қолдану, көп таңбалы сандарды бөлудің тиімді әдістері таңдалған. Оқушылардың белсенділігі аз болды. Мұғалім әлі де болса әдіс-тәсілдерді жетілдіру қажет. Мұғалімі – Тлегенова Г.

4 Г сыныбындағы «Өзінді тексер! БЖБ» сабағында мұғалім әдіс-тәсілдерді тиімді таңдап, көрнекіліктерді қолданып, білім алушылардың қызығушылығын оятты. Кері байланыс жүргізіп, бағалау тиімді жүргізілді. Оқушылар жүйелі жұмыс жасауға төселген. Сабақ процесіндегі кемшілік жоспарға сәйкес БЖБ-дың өткізілмегендігі. Мұғалімі-Матжанова М.

4 Д сыныбында «Қорытындылау. Адам және табиғат» тақырыбындағы сабағы дәстүрлі форматта өтті. Бағалау, жаңа әдіс-тәсілдер, оқушылардың деңгейіне байланысты жұмыстар болған жоқ. Сабақ процесін өткізу сапасын жетілдіру қажет. Оқушылардың белсенділігі жақсы деңгейде болды. Мұғалімі-Арысова М.

Пән мұғалімдеріне жоспардағы саралау, бағалау, дескрипторлар туралы ескертпелер жасалды. Кері байланыс пен бағалау туралы ұсыныстар берілді. Б.Елусизова, М.Арысоваларға сабақ жоспарлауда сабақ мақсаты мен міндеттерін қою, тиімді әдіс-тәсілдер таңдау бойынша ескертпелер мен ұсыныстар берілді.

Сабақтарға қатысуда С.Ушкемпированың күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі әдіс-тәсілдерді таңдауы, қалыптастырушы бағалау мен кері байланыс орнатулары жүйеленген, сынып оқушыларында белгілі білік, дағдылар жүйелі қалыптасқан.

Математика дәптерлерін тексеру қорытындысы

Аталған кластардың дәптерлері тексерілді. 4 кластарда қалыптастырушы бағалау қосымша дәптерлері мен жиынтық бағалауға арналған қосымша дәптерлері жүргізіледі.

4 «А» сыныбының 22 дәптері тексерілді. Дәптердің сыртын толтыруда оқушылардың жіберген қателері түзетілмеген. Дәптер жүйелі тексерілмеген. Жазба жұмыстарында қателіктер көп, жазу каллиграфиясы төмен. И.Сұлтанғали – дәптер жолын білмейді.

4 «Ә» сыныбынан 27 дәптер тексерілді. Дәптерлер тексерілген. М.Өмірсерік, Т.Сағындықованың дәптерлерінің сырты толтырылмаған. Жазбаша есептеуде К.Хасенова бағандап дұрыс жазбайды. Тапсырмалар толық, жүйелі орындалған. Дәптерлер ұқыпты, тиянақты жүргізілген.

4 «Б» сыныбының 23 дәптері тексерілді. Дәптерлер сыртыталапқа сай толтырылмаған, қателері түзетілмеген. Н.Қалдыбаев, Ә.Қайрат, А.Исмаилов, Е.Кәдірбаев, Р.Қайраттың дәптерлерінің сыртындағы қателер түзетілмеген. Жұмыстардың тексерілуін, бағалануын жетілдіру керек.

4 «В» сыныбының 23 жұмыс дәптері тексерілді. Оқушылардың дәптерлері күнделікті жүргізіледі. Оқу тапсырмаларының көлемі аз. Каллиграфия, дәптердің тор көздеріне көп

назар аудару керек. С.Жарылкасын, А.Тәжібаевтар үй тапсырмасын мүлдем, Г.Жақсылық жүйелі орындамайды. Дәптер сыртының қателері түзетілмеген.

4 «Г» сыныбының 24 дәптері тексерілді. Дәптерлердің сырты толтырылған. Дәптер сыртының толтыруда қателері түзетілмеген. Дәптер жүйелі тексерілмеген. Түзету жұмыстары, қосымша тапсырмалар енгізілмеген.

4 «Д» сыныбының оқушыларының 22 дәптері тексерілді. Дәптер жүйелі жүргізіліп, тексерілген. Барлық жұмыстар бағаланған. Жазбаша есептеуде А.Төрехан, М.Аккасиновтар бағандап дұрыс жазбайды. Дұрыс, әдемі жазуға назар аудару керек.

3. Токсандық білім сапасы мен сын жұмысын салыстыру

кл	2 токсан сапасы	2-токсан бойынша сын жұмысы		МБ жұмысы		Ескерту
		сапа	үлгерім	сапа	үлгерім	
4а	65	69	83	34,7	47,8	Қорытынды бағалау мен сын жұмысы арасында алшақтыққа назар аудару. Сауатты жазуды жүйеге келтіру. Жазбаша қосу, азайту, көбейту, бөлуге назар аудару. Дұрыс есептеу, жазу.
4ә	58	45	91	18	36	Білім сапасының деңгейін көтеру. Сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыруды назардан шығармау. Жазбаша қосу, азайту, көбейту, бөлуге назар аудару. Дұрыс есептеу, жазу.
4б	69	65	91	37	66	Қорытынды бағалау мен сын жұмысы арасында алшақтыққа назар аудару. Сауатты жазуды жүйеге келтіру. Жазбаша қосу, азайту, көбейту, бөлуге назар аудару. Дұрыс есептеу, жазу.
4в	62	48	80	13	39	Қорытынды бағалау мен сын жұмысы арасында алшақтыққа назар аудару. Сауатты жазуды жүйеге келтіру. Жазбаша қосу, азайту, көбейту, бөлуге назар аудару. Дұрыс есептеу, жазу.
4г	65	47	95	34	52	Білім сапасының деңгейін көтеру. Жазбаша қосу, азайту, көбейту, бөлуге назар аудару. Дұрыс есептеу, жазу.
4д	58	56	86	52	76	Білім сапасының деңгейін көтеру. Дұрыс есептеу, жазу.
	54	55	83	34,4	56,9	

кл	Қатысқаны	«5»	«4»	«3»	«2»	сапа	үлгерім	Төмен баға алған оқушылар	Мұғалімі
4а	23	4	4	3	12	34,7	47,8	Рыскалиев Б, Нурмухамбетов Э, Дүйсенбай Қ, Мұратов А, Нұртай Е, Ержанұлы Ғ, Мамай Ш, Мұханбеталиева А, Сұлтанғали І, Жиенбаев А, Аманова А, Тілекболатқызы А.	Елусизова Б.
4ә	27	8	6	8	5	51,8	81,4	Жұмабаев Е, Жұмақұлова Н, Жулаев А, Сейтбаева А, Жубатова А.	Ушкемпирова С.
4б	24	3	6	7	8	37	66	Кәдірбаев Е, Кенжебаева Ұ, Зайдолла М, Сертай Б, Исмаилов А, Қайрат Р, Кайпбергенов Е, Кадирова А.	Сембиева А.
4в	23	0	3	6	14	13	39	Түгелбай К, Муфтулла А, Максот А, Абдуллаева Ж, Жақсылық Г, Қанатқызы А, Мұратов Н, Жарылкасын С, Нағашыбаева А, Көшербаев Н, Тәжібаев А, Тілеубергенов А, Бисенбай А, Серікбай Ш.	Тлегенова Г.
4г	23	3	5	4	11	34	52	Асланова Д, Тілек Қ, Әкімжан Н, Амантай А, Тұрлан А, Мейірбек, Әкімжан Ж, Әзілхан С, Қабдықайыр С, Асан Б, Қстаубаева А.	Матжанова М.

4д	25	6	7	6	6	52	76	Мустажан Ә, Аккасинов М, Төрехан А, Жұмаболат Н, Төлеміс Н, Әбдірахманова А.	Арысова М.
	167	24	35	38	69	34,4	56,9		

Бақылау жұмысы 3 ең қарапайым тапсырмадан құрастырылды:

- қарама-қарсы бағыттан алыстау қозғалысына берілген екі амалмен шығаруға арналған мысал есеп;

- өрнек құрып, мәнін табу (көбейтінді, қосынды, айырма, бөлінді);

- жазбаша есептеу (көп таңбалы сандарды қосу, азайту, көп таңбалы санды екі таңбалы санға бөлу, көп таңбалы санды үш таңбалы санға көбейту);

Кестеде көрсетілген пәндік сапа мен сын жұмысының сапасына тоқталсақ, тоқсандық сапаның жоғары, сын жұмыстарының сапасы мен үлгерім көрсеткіштерінің төмен екенін көреміз. 2 тоқсанның қорытындысы, тоқсаныдық бақылау жұмысының сапасы және мектепшілік бақылаудың қорытындысы арасындағы алпақтықты байқауға болады. Ендеше бұл пайыздар әлі де болса бағалаудың, кері байланыстың жүйелену керектігін талап етеді. Мұғалім жұмысының нәтижелілігі бағалау түрлерін әділ, шынайы қолдана білуде жатыр. Және оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру, дағдыларын жетілдіру бойынша жұмыстарды жетілдіру керектігі талап етіледі. Үлгерім көрсеткіштері бойынша өте төмен 4ВАГД сыныптарымен қосымша жеке жұмыстарды жүйелеу, оқыту процесін сапалы жүргізу бойынша пән мұғалімдеріне нұсқау берілді.

Ұсыныс:

- Оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу және өз білімдерін жетілдіруді үздіксіз жалғастыру;

- мұғалімдер қысқа мерзімді жоспар дайындауда ортақ тақырыптар жүйесін сақтау және тапсырмаларды құрастыру мен оқушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыруы, саралай оқыту тәсілі мен оқушылардың жеке ерекшеліктеріне ерекше назар аудару;

- оқу материалы мен сабақтағы әрекет түрлерін мұқият іріктеп алу;

- тапсырмаларға сәйкес дескрипторлар құру;

- әр сабақтан кейін білім алушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабаққа талдау (рефлексия) жасап отыру;

- Төмен баға алған оқушылармен бойынша жеке жұмыстарды жүйелеу;

Анықтама беруші

Убайтжанова А.А.

**8 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиет сабағында өзіндік жұмысты
ұйымдастыруда сараланған тәсілді қолдану бойынша**

А Н Ы Қ Т А М А С Ы

- Тексеру мақсаты:** - 8 сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында өзіндік жұмыстарды бақылау;
- өзіндік жұмыс барысында сараланған тәсілді қолдануын бақылау;
- оқушы жұмыстарын зерделеу;
- Тексеру әрекеті:** сабақтарға кіру; оқушылардың жұмыс дәптерін тексеру;
- Қаралатын орны:** Әкімшілік кеңес отырысы
- Мерзімі :** наурыз 2024 жыл

Оқыту әдістері білім берудің мазмұны негізінде оқытудың жалпы мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Оқыту үдерісінің нәтижелі және сапалы болуы сабақ барысында мұғалімнің шығармашылық ізденісі арқылы жүзеге асырылады. Әр мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабағында қандай әдіс-тәсілді қолданса да мақсат біреу – ол оқушыларға терең де сапалы білім беру.

Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, бағдарламада білім мен білік дағдыларын үйрету, жаңа материалды қаншалықты меңгергенін бақылау үшін жаңа технологияларды сабақта тиімді қолдана білу. Әр сабақта жаңа технология әдістерін қолданбай өткізу мүмкін емес. Себебі, оқыту әдіс-дидактиканың ең негізгі құрамды бөлігінің бірі болып саналады. Мұғалім оқыту мен бағалаудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, оқушылардың білім сапасы жақсарады. Бұл көп оқушыны қамтып, олардың мазмұнды игеруін жақсартыды.

Қазақ тілі мен әдебиет сабағында өзіндік жұмысты ұйымдастыруда сараланған тәсілді қолдануды бақылау мақсатында 8 сыныптардың сабағына қатыстым.

8 «Ә» класында қазақ тілі пәнінен «Суға қатысты ырымдар мен тыйымдар» тақырыбы, оқу мақсаты 8.ӘТН4.3. «Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану». Пән беруші мұғалім – А.Т.Шатенова. Сабақты жоспарлаған кезде мұғалім сабақта бағалауды тиімді жүзеге асыруда қиындықтармен кездеседі. Бағалауды жоспарлау кезінде әр тапсырмадан кейін кері байланыс беру қажеттілігі туады. Тереңдетілген принцип бойынша оқушылар орындап болған тапсырмадан кейін келесіге көшеді, ал оқушылардың тапсырмаларды орындау жылдамдығы әр түрлі. Сыныпта 25 оқушы болғандықтан, әр оқушыға кері байланыс беру уақыт алады. Сондықтан мұғалім сабақта өзіндік жұмысты ұйымдастыру сараланған әдістерді қолданады. Өзіндік жұмыс дегеніміз - сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің көмегімен және бақылауымен, бірақ оның қатысынсыз орындайтын жоспарлы жұмыс. - Өзіндік жұмыс түрлері жоғары сынып оқушыларының жазбаша және ауызша тіл мәдениетін көтеруге қызмет етеді. Мұндай өзіндік жұмыс түрлері шығармашылықты дамытуды көздейді, ойлау қабілетінің дамуына әсер ететін жұмыс түрлері олардың ойлау мүмкіншілігін жан-жақты аша түседі, өз бетімен ізденуіне, талаптануына жол ашады. Бүгінгі сабақта өзіндік жұмыстың сараланған әдіс-тәсілдерінен: «Серпілген сауал», «Жеті жетістік», «Қиял әлемі», «Жедел хат» т.б. әдістері жүргізілді. Сондай-ақ

оқушының қызығушылығын арттыратын өзіндік жұмыстардың қызықты түрлеріне рөлдік ойындар, іскерлік ойын түрлерін өткізді.

Мұғалім сабақтың басында мұғалім тілдік бағдар бойынша оқушыларға шылаудың 5 белгісін кезек-кезек көрсетіп «Жалғасын тап!» әдісімен тауып, ажыратуға тапсырма берді. Деңгейі жоғары оқушылар 2-тұжырымнан кейін-ақ шылау екенін тапты. Орта және төмен деңгейлі оқушылар 5-тұжырымнан кейін сабақтың тақырыбы шылаумен байланысты екенін түсінді. Мұғалім сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін түсіндіріп болған соң, мағынаны тану мақсатында әр оқушыға шылау түрлерінің ережесі берілді. Қазақ тілі сабағында өзіндік жұмысты ұйымдастыруда сараланған тәсілді қолданып, оқушылар мәтінді «Speed dating» стратегиясы арқылы меңгерді. Бұл мәтінді тез әрі сапалы меңгеруге мүмкіндік берді. Ережені талқылап, шылаудың түрлерін анықтағаннан кейін, саралап оқыту басталды, яғни топтар тапсырмаларды өз деңгейлері бойынша орындады. Бірі ерте аяқтап, келесі тереңдетілген тапсырмаға көшсе, кейбір топтар белгілі бір тапсырмаларды орындауда қиналды. Нақтылап айта кетсек, 2-тапсырма Блум таксономиясы бойынша құрылды. Білу, түсіну деңгейі бойынша топтар берілген шылауларды түрлеріне жіктеді. Бұл тапсырманы орындап болған топтар келесі қолдану деңгейіндегі сараланған тапсырмаларға көшті. Атап кететіні, барлық топтар бұл тапсырманы бір уақытты аяқтамады, сондықтан мұғалім әр топтың жұмысына кері байланыс және келесі тапсырмаға нұсқаулықты беруге үлгерді. 3 және 4-тапсырмаларда топтар меңгерген шылау сөздерді берілген мәтіндегі бос орындарға мағынасы бойынша дұрыс орналастыруы және мәтінде шылауы кездеспейтін 3 сөйлемді шылау сөзді қосу арқылы өз сөзімен қайтадан жазу (перфираз жасау) керек болды. 5-тапсырмада топтар талдау және баға беру деңгейі бойынша 3 сұрақтың бірін таңдап, 40-50 сөзден тұратын жазба жұмысын жазу жоспарланды. Бұл тапсырманы 5 топтан 2-еуі орындаса, қалғандары білу, түсіну, қолдану деңгейіндегі жаттығуларды толығымен орындап шықты. Сабақ «БББ» рефлексиясымен аяқталды. Рефлексия парағын саралағанда барлық оқушылар тапсырманы орындау барысында шылаудың барлық түрлерін меңгере алғандығын және сабақта өзін қолайлы ортада сезінгенін көрсетті.

Келесі 8 «Д» сынып, тақырыбы: «Дулат Исабековтің "Әпке" драмасы», оқу мақсаты: 8.3.2.2 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру. Пән беруші мұғалімі: М.Ә.Байменшина. Бұл ашық сабақ жоспары "автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым -қатынасының тілдік көрінісін талдау", "шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру" мақсаттарын қамти отырып құрылған. Сабақ барысында бауырмалдық, отбасының адам өміріндегі орны туралы маңызды құндылықтары ашылады. Кластағы оқушылардың тапсырманы орындау деңгейіне қарай топқа бөліп, сараланған өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастырды. «Дулат Исабековтің "Әпке" драмасының тақырыбы мен идеясын анықтауда өзіндік жұмыс түрлерімен қатар, жаңашыл әдістермен тапсырмаларды орындау бағытталды. Шығарманың сюжеттік желісі бойынша сараланған белсенді әдіс-тәсілдер арқылы шығарманың мазмұнын игеруге мақсат қойылды. Сабақта қолданылған белсенді әдіс - тәсілдердің ішінде «Ой толғау», «Т кестесі», «ПОПС формуласы», «Төрт сөйлем» тәсілдері оқушыларға жаңа ақпаратты бұрынғы біліммен ұштастыруға ықпал ете білді. Оқушылардың өз ойлары мен байқаған ақпараттарын өз сөздерімен айта білу үшін «Ойлан, жұптас», «Қос диаграмма» әдістерін қолданды. «Ойлан, жұптас» әдісінде

оқушылар өзара ойларын ортаға салады. «Қос диаграмма» әдісіне мәтіндердің ұқсастығы мен даралығын салыстырады. Оқушылардың барлығы бірдей тапсырма орындағанмен, нәтижесі әртүрлі болады, тапсырма берілгенмен олар бір ғана дұрыс жауаптың бағытында жұмыс істемегендіктен олар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Сондықтан барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардан қандай нәтиже күтіп отырғандығымызға көздерін жеткізу керек.

Қорытынды: 8 сыныптарына қазақ тілі мен әдебиет сабағында өзіндік жұмысты ұйымдастыруда сараланған тәсілді қолдану бойынша: **8 «Ә» сыныбында пән беруші мұғалім А.Т.Шатенова** оқушылардың өзіндік жұмыстардың орындалуына кеңіл бөлді. Өзіндік жұмыстарды оқушылардың деңгейіне сай, сараланған бірнеше тәсілдер арқылы орындауға бағыттады. 3-тапсырмада оқушылар жеке жұмыстана отырып, тапсырма ауызша қорғалып, жалпы сыныппен талдау арқылы мұғалім бағалауы, кері байланысы берілді. Әрбір оқушы өз жауабын ұсына отырды, жоғарғы деңгейдегі ойлау дағдысына бағытталды. Алайда, сыныптың барлық оқушыларының осы тапсырманы орындай алмауы орынды деп есептейміз. Оған қоса жұмыс тиісті уақытта орындалды. Алайда, 3 оқушы 3 тапсырманың кателіктерін түзету жұмыстарын жүргізсе, қалған 6 оқушы 2-ші тапсырмаларын аяқтап, 3-ші тапсырманы орындай бастады. 3-ші тапсырманы аяқтаған 3 оқушы шығармашылық тапсырманы орындауға көшті. Мәселені шешуде оқушылар тиісті аргументтер келтіре отырып, ойды толық дәйектер арқылы дәлелдейді. Тапсырманы орындаған 3 оқушының 2-уі толық деңгейде өз ойларын ұсына білді. Аргументтерді нақты көрсетті, ал 3-ші оқушы мәселені жай сипаттау арқылы шешті. Сондықтан, өз жауабын толық негіздей алмады. Жазбаша тапсырмалардың ұтымды тұсы, шығармашылық, өзіндік шешім қабылдайтын түрде берілуі. Алайда, тапсырманы оқушылардың барлығы дерлік орындай алмауы, жеке субъективтік көзқарастың басым болуы, нақтылы тарихи деректерге сүйене алмауы – оқушының тарихи дерекпен жұмыс жасауда белгілі бір кедергілердің орын алатындығын көрсетеді.

Келесі 8 «Д» сыныпта пән беруші мұғалім М.Ә.Байменшина. Әдетте, дәстүрлі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында топтарға тапсырма берген кезде барлығына бірдей уақыт беріледі. Уақыт аяқталған соң топтар өз жұмыстарын ортаға қойып қорғап, мұғалімнен не сыныптастарынан кері байланыс алады. Осы орайда кей топтар тапсырманы тез, ал кейбіреулері баяу орындауы мүмкін. Осыған орай, сабақта саралап оқытудың тереңдетілген принципін қолдану нәтижесінде жоғары және орта деңгейлі оқушылардың қажеттіліктерін ескеру ескертілді. Әр деңгейдегі оқушылар өзіндік тапсырмаларды сапалы орындады. Бірақ, сыныптың барлық оқушылары өзіндік жұмысты толығымен орындамады. 4 оқушы 3 тапсырманың үшеуін де орындаса, қалған 6 оқушы 2-ші тапсырмаларын ғана аяқтады. 3-ші тапсырманы аяқтаған 4 оқушы шығармашылық тапсырманы орындауға көшті. Шығарманың кейіпкерлеріне өзіндік талдау жасауға берілген сараланған тәсілдер бойынша 4 оқушы толық тапсырманы орындай білді. Сабақ соңында 2-тапсырманы орындаған 8 оқушы болды. Жазбаша тапсырмалардың ұтымды тұсы, шығармашылық, өзіндік шешім қабылдайтын түрде берілуі. Алайда, тапсырманы оқушылардың барлығы дерлік орындай алмауы, оқушының мәтін мазмұнымен толық жұмыс жасауда белгілі бір кедергілердің орын алатындығын көрсетеді.

Сонымен 8-сыныптары оқушыларына негізінде өткізілген сабақта оқушылардың барлығы 1 және 2 бағалау критерийлерін орындау арқылы толық сабақтың 2

мақсатына қол жеткізді. Ал кейбірі 3 бағалау критерийін, тек бірнешеуі ғана 4 бағалау критерийлерін орындауға қол жеткізді. Жалпы өткізілген сабақтың кейбір тұстары оқушы үшін тиімді болғандығы анықталды, тапсырмаларда бағалау тәсілдерінің әртүрлі болуы (өзіндік, жұптық, мұғалім бағалауы), тапсырмаларды орындай алмаған жағдайда қатемен жұмыстың орын алуы, тиісті тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге қарай бағытталуы нақты көрсетілді. Оған қоса жазба, жеке жұмыстарда ортақ мәселені талдауға аса көп мән берілді. Сабақ соңында мұғалім оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне қайта оралып, қорытынды жасаған уақытта оқушының қаншалықты деңгейде тапсырманы орындай алғандығы анықталды.

Екі зерттеу сабағы нәтижесінде саралап оқытудың тереңдетілген принципін қолдануға арналған келесі ұсыныстар айқындалды:

- Әр сабақта оқушылардың деңгейіне сай өзіндік жұмыстардың орындалуына көңіл бөлу;
- Жеке бағалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- бағалау критерийлері тапсырмалардың мазмұнына, орындауды ұйымдастыруға, шешімнің креативтілігіне, тапсырманы орындау формасына бағытталуы;
- Сыныпта жеке немесе жұптық жұмысты ұйымдастыру;
- Орындауға тиісті тапсырмалардың нұсқаулығы мен дескрипторларын сабақтың басында айтып түсіндіру.

Сондықтан осы ұсыныстарды есепке ала отырып, алдағы уақытта сабақта саралау әдісінің тереңдету принципін өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді сабақ жоспарын құрастыруды алға қоямыз деп ойлаймыз. Алдағы уақытта саралап оқытудың басқа да принциптері бойынша оқушы қабілетін ескере отырып, үнемі қолдау көрсету, жан-жақты дамыту, зерттеуге бағыттау арқылы өз пәніміздің тиісті оқу мақсатын меңгертіп қана қоймай, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік аламыз деген сенімдеміз.

**Анықтама беруші директордың
ғылыми - әдістемелік жұмыс
жөніндегі орынбасары:**



Н.М.Зайрымбетова